

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ МЕН МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІ АППАРАТЫНЫҢ ІС БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 5
наурыз 1994 ж. N 245. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинетінің 1994 жылғы 18 тамыздағы N 914 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Министрлер Кабинетінің 18.08.1994 N 914
қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті
Аппаратының Іс Басқармасы туралы қоса беріліп отырған Ереже
бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 5 наурыздағы
N 245 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер
Кабинеті Аппаратының Іс Басқармасы туралы
Ереже

I. Жалпы ережелер

Іс Басқармасы Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер
Кабинеті Аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімшесі болып табылады. Оның
негізгі міндеті - Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер
Кабинеті Аппаратының қызмет атқаруын қамтамасыз ету, оның қызметкерлеріне
шаруашылық, көліктік және емдеу-сауықтыру қызметін көрсету, сондай-ақ Іс
Басқармасына ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың
қаржы-шаруашылық қызметіне тікелей басшылық жасау мен бақылау жүргізу.

Іс Басқармасы заңды тұлға болып табылады, өзінің балансындағы қаржы мен
материалдық құралдарға иелік етеді, Ұлттық банктің облыстық басқармасының

Алматы бөлімшесінде есеп айырысу және арнаулы есепшоттары, Қазақстан Әлем банкінде валюталық есепшоты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және қазақ, орыс тілдерінде өзінің аты жазылған дөңгелек мөрі, тиісті мөрлері мен штаптары болады, ол басқа мекемелер мен ұйымдарда Аппараттың мүддесін білдіреді және қорғайды.

II. Функционалдық міндеттері мен құқықтары

Іс Басқармасы Қазақстан Республикасы Президентінің және Премьер-министрінің Іс Басқармасының құзыретіне жататын қаржы-шаруашылық қызметі мәселелері жөніндегі қаулылары мен өкімдерінің, Аппарат басшылығының бұйрықтары мен өкімдерінің орындалуын ұйымдастырады және бақылайды. Ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардағы істің жай-күйін талдайды және бақылайды, олардың жұмысын жетілдіру мен орын алған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қолданады.

Аппараттың Кадр саясаты бөлімімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының құрылымы мен штатындағы жекелеген өзгерістер туралы, сондай-ақ Іс Басқармасының құрылымына тікелей енетін лауазымдарға жауапты қызметкерлерді тағайындау туралы ұсыныстар енгізеді. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының штаттық кестесін бекітеді және техникалық қызметкерлерді тағайындауды жүзеге асырады.

Тапсырылған қызмет құжаттарын орындайды әрі азаматтардың жазбаша және ауызша өтініштерін қарайды, олар жөнінде тиісті шаралар қабылдайды.

Аппараттың бөлімдерімен және басқа бөлімшелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, республикалық, жоспарлы әрі ағымдағы шараларды, соның ішінде Президенттің Резиденциясында үкіметтік делегацияларды қабылдау жөніндегі шараларды даярлауға әрі өткізуге қатысады.

Сыртқы экономикалық қызмет мәселелері жөніндегі ұсыныстарды өз құзыретінің шегінде енгізеді және шешеді.

Аппаратта қаржы, бюджет және штат тәртібінің қатаң сақталуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратын ұстауға байланысты бухгалтерлік есептеу операцияларын жүргізеді. Ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардағы есептеулер мен есеп берулер жөніндегі әдістемелік басшылықты жүзеге асырады, олардың қызметін қаржыландырады әрі тексеру жүргізеді. Тексерудің нәтижесін қарайды және солар бойынша тиісті ұсыныстар енгізеді.

Бюджеттің жобасын әзірлейді және оның орындалуының жиынтық есебін жасап отырады. Ордендер қоймасындағы мемлекеттік наградалардың әрі олардың құжаттарының есебін жүргізеді және сақталуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппараты қызметкерлерінің жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жасайды, оларды ұтымды орналастыру және жұмыс орындарын жиһазбен, байланыс құралдарымен және ұйымдастыру ісінің техникасымен жарақтандыру мәселелерін шешеді.

Кәсіподақ комитетімен бірлесіп Аппарат қызметкерлерінің тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын жақсарту мәселелерімен шұғылданады және емдеу-алдын алу, санаторий-курорт қызметін көрсетуді қамтамасыз етеді. Емдеу-сауықтыру бірлестігінің, оның медициналық және санаторий-курорт мекемелерінің қызметін бақылауды жүзеге асырады. Аталған бірлестіктің басшы қызметкерлерінің және оған ведомстволық бағыныстағы бөлімшелердің бірінші басшыларының кандидатураларын келіседі және бекітуге табыс етеді.

Авиация және темір жол билеттерін броньдауды, сондай-ақ Аппарат қызметкерлері мен олар үшін төлемді Іс Басқармасы жүргізетін санаттағы адамдардың қызметтік жүріп-тұруына арналған автомобиль көлігінің қызмет көрсетуін белгіленген тәртіппен ұйымдастырады.

Алматы қаласында халықаралық, республикалық және басқа шаралар өткізу барысында қонақ үйлерінде орынның броньдалуын қамтамасыз етеді. Аппарат басшылығының келісімімен үкіметтік телефондар орнатуға рұқсат береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясындағы рұқсаттама режимі туралы Ережеге сәйкес Президенттің Резиденциясындағы және Республика алаңы, 13 үйдегі рұқсаттама режимінің қатаң сақталуына бақылауды жүзеге асырады әрі жауап береді.

Іс Басқармасының құзырына кіретін қаржы-шаруашылық мәселелері жөнінде Президенттің, Премьер-министрдің, Аппарат басшылығының қарауына ұсыныс енгізеді.

Тиісті республикалық министрліктермен, ведомстволармен, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен өз міндеттерінің ауқымындағы мәселелерді шешеді.

Өз құзыретінің шегінде, қолданылып жүрген заңдардың, Президенттің жарлықтары мен қаулыларының, Министрлер Кабинеті қаулыларының, Премьер-министр өкімдерінің, Аппарат Басшысы бұйрықтарының негізінде және соларды орындау үшін ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады.

Жанадан басталған және қайта жаңартылған құрылыс объектілерінің жобалық-сметалық құжаттамаларын белгіленген тәртіппен бекітеді, ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындардың аяқталған құрылысын және

жөнделген ғимараттары мен құрылғыларын пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік және жұмыс комиссияларын тағайындайды, негізгі құралдарды Іс Басқармасы балансының есебінен шығарады және басқа ұйымдарға береді, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың негізгі құралдарын есептен шығарудың және берудің актілерін өз бұйрығымен бекітеді.

Ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру және тексеріс жүргізу барысында бюджеттің орындалуына әрі қаржы тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асыруға қажетті есеп берулер мен мағлұматтарды сұратады және алады.

Кредиттерге иелік етуші ретінде жұмыс істейді, ағымдағы есепшотты алады және жабады, Іс Басқармасына ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды құрады және таратады. Ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың бірінші басшылары мен бас бухгалтерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Шаруашылық қызметінің негізгі нәтижелері үшін осы мекемелердің басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеуге рұқсат береді.

Ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар туралы тиісті ережелерді (жарғыларды) бекітеді.

Іс Басқармасын Республиканың Президенті тағайындайтын Іс Басқарушысы басқарады. Іс Басқарушысының Министрлер Кабинеті тағайындайтын екі орынбасарлары бар. Орынбасарлардың арасындағы міндеттерді бөлуді Іс Басқарушысы жүзеге асырады.

III. Құрылымы және жұмысты ұйымдастыру

Іс Басқармасының құрылымына: қаржы және бухгалтерлік есептеу, шаруашылық-тұрмыстық, емдеу-сауықтыру секторлары, сондай-ақ көшіру-көбейту бюросы енеді.

Дербес баланстары бар ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар: Өндіріс-пайдалану бірлестігі (ӨПБ) баспаханасымен, Өндіріс-пайдалану кәсіпорыны (ӨПК), Баспахана, "Байқоңыр" кәсіпорны, Инженерлік орталық, асхана, "Алматы", "Жетісу" және филиалдарымен "Қазақстан" қонақ үйлерін қоса Қонақ үй шаруашылық бірлестігі тікелей бағыныста болады.

Бұл ұйымдардың функционалдық міндеттері олар туралы тиісті ережелермен айқындалады.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 5 наурыздағы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші
жойылған кейбір шешімдерінің
Тізбесі

1. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советінің Іс Басқармасы Автомобиль шаруашылығының министрліктерге және ведомстволарға жеңіл автомобильдермен қызмет көрсетудің тәртібі туралы" 1969 жылғы 7 шілдедегі № 425 қаулысы.
2. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1969 жылғы 21 тамыздағы № 856 өкімі.
3. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1969 жылғы 17 желтоқсандағы № 736 "Қазақ ССР Министрлер Советі Іс Басқармасының мәселелері" қаулысы.
4. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советі Іс Басқармасының Шаруашылық басқармасы туралы" 1970 жылғы 25 мамырдағы № 335 қаулысы.
5. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 жылғы 13 желтоқсандағы № 508 өкімі.
6. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 жылғы 2 шілдедегі № 181 өкімі.
7. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советінің Іс Басқармасы туралы Ережені бекіту туралы" 1989 жылғы 29 наурыздағы № 107 қаулысы.
8. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советі Іс Басқармасының құрылысы мен штат саны туралы" 1989 жылғы 10 қарашадағы № 346 қаулысының 1 және 2 тармақтары.
9. "Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советі Іс Басқармасының құрылымы мен штат саны туралы" 1989 жылғы 1 қарашадағы № 346 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1990 жылғы 13 маусымдағы № 248 қаулысы.
10. Қазақ ССР Министрлер Кабинеті Премьер-министрінің 1990 жылғы 28 желтоқсандағы № 308 өкімінің 2 тармағы.